

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «03» мамырдағы
№ 7 хаттамасына №8 қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «03» мамырдағы
№ 7 шешіммен бекітілген

**«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының
Экспорттаушының жұмыстарды орындаумен/қызметтер көрсетумен
байланысты шығындарын сақтандыру жөніндегі қағидалары**

Астана қ., 2024 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттаушының жұмыстарды орындаумен/қызметтер көрсетумен байланысты шығындарын сақтандыру жөніндегі қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар	ІНҚ «Ішкі портал» желілік дискісіне орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберу

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	4
2-тарау. Сақтандыру объектісі	5
3-тарау. Сақтандыру жағдайлары	5
4-тарау. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу	6
5-тарау. Кепілдіктер	8
6-тарау. Келісім, сақтандыру шартын жасасу тәртібі	9
7-тарау. Келісім мен сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	10
8-тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі	10
9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы	11
10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	11
11-тарау. Келісім мен сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары	14
12-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының іс-әрекеті	15
13-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	16
14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары	17
15-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі	18
16-тарау. Келісім мен сақтандыру шартын тоқтату шарттары	19
17-тарау. Суброгация	19
18-тарау. Қосымша шарттар	20
19-тарау. Дауларды шешу тәртібі	20

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттаушының жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге байланысты шығындарын сақтандыру жөніндегі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалардың талаптары бойынша «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Сақтандырушы) Экспорттаушының жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге байланысты шығындарын сақтандырудың бас келісімдерін және Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын сақтандыру шарттарын жасасады.

3. Сақтандыру қорғанысы экспорттаушыға беріледі, оған қатысты қолдау Сақтандырушының Жарғысында және сақтандырушының өзге де ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілген Сақтандырушының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы Қағидалардың мақсаты жұмыстарды орындаумен/қызметтер көрсетумен байланысты экспорттаушының шығындарын сақтандырудың үлгілік шарттарын айқындау болып табылады.

5. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **банкроттық**- сот шешімімен заңды күшіне енген деп танылған, оны таратуға негіз болып табылатын шетелдік контрагенттің дәрменсіздігі;

2) **шартсыз франшиза** - келісімде белгіленген, шығыннан шегерілетін сома. шартсыз франшиза сақтандыру сомасына пайызбен немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді;

3) **Бас Келісім** (Бұдан әрі-Келісім) - Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалатын, сақтандыру қорғанысын берудің жалпы шарттары белгіленетін шарт;

4) **Мемлекеттік орган**- Конституциямен, заңдармен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен мемлекет атынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемесі:

– жалпыға міндетті мінез-құлық ережелерін айқындайтын актілер шығару;

– әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеу;

– мемлекет белгілеген жалпыға міндетті мінез-құлық қағидаларының сақталуын бақылауды мемлекеттік басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекеме.

5) **сақтандыру шарты**-келісім шеңберінде жасалатын, оның ажырамас бөлігі болып табылатын, нақты экспорттық жеткізілімді сақтандыру шарттары белгіленетін шарт;

6) **шетелдік контрагент**- сатып алушы, тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін және экспорттаушымен келісімшарт жасасқан шет мемлекеттің заңды немесе жеке тұлғасы;

7) **келісімшарт**- осындай жұмыстарды/қызметтерді көрсету шеңберінде қазақстандық жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді және тауарларды экспорттауға экспорттаушы мен шетелдік контрагент арасындағы жазбаша келісім;

8) **Сақтандыру лимиті**- келісім шеңберінде жасалған қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сомаларының жаңартылатын ең жоғары жиынтық мөлшері;

9) **негізсіз және уәжделмеген жалтару/ орындалған жұмыстарды / көрсетілген қызметтерді қабылдаудан бас тарту-шетелдік контрагенттің орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдаудан жалтаруы/ бас тартуы**, егер осы жұмыстар/ көрсетілетін қызметтер келісімшарт талаптарына сәйкес тиісінше және уақтылы көрсетілген болса, бұл заңды күшіне енген соттың тиісті шешімімен расталады;

10) **күту кезеңі**- келісімде белгіленген, сақтандыру жағдайы аяқталғаннан кейін басталған деп есептелетін уақыт кезеңі. күту кезеңі сақтандырушы сақтанушыдан сақтандыру жағдайы туралы хабарлама алғаннан кейін келесі күні басталады;

11) **шетелдік контрагенттің елі** - заңнамасына сәйкес Шетелдік контрагент құрылған (тіркелген) шет мемлекет; Шетелдік контрагенттің елі келісімшарт бойынша жұмыстарды

орындау/қызмет көрсету елінен өзгеше болуы мүмкін;

12) **Сақтанушы-** Сақтандырушымен келісім және сақтандыру шартын жасасқан экспорттаушы. Келісім мен сақтандыру шарты бойынша сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған және пайда алушы болып табылады;

13) **Сақтандыру төлемі-** Шартсыз франшизаны ескере отырып, Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру сомасы шегінде төлейтін, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақша сомасы;

14) **сақтандыру сыйлықақысы** - сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген талаптар мен мөлшерде сақтанушыға сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін сақтандырушыға төлеуге міндетті қазақстандық теңгемен көрсетілген ақша сомасы;

15) **сақтандыру сомасы** - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартының бүкіл қолданылу кезеңі үшін сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

16) **сақтандыру оқиғасы-** нәтижесінде сақтанушының мүліктік мүдделеріне залал келтірілуі мүмкін және кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін оқиға;

17) **сақтандыру мүддесі-** бұл сақтанушының тәуекелдердің алдын алудағы және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеудегі мүліктік мүдделері;

18) **сақтандыру жағдайы-** келісімнің басталуымен сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға;

19) **залал-** шетелдік контрагенттің жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету үшін ақы төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамауы себебінен туындайтын Сақтанушының залалы. Залал анықтамасына Шетелдік контрагенттің Сақтанушының алдындағы мынадай: алынған пайданы; тұрақсыздық айыптарын, айыппұлдарды, өсімпұлдарды; комиссияларды және жүзеге асырылған экспорттық жеткізілім сомасын төлеу болып табылмайтын ақшалай төлем сипаты бар өзге де ұқсас төлемдерді; моральдық залалды; келісімшарт бойынша қандай да бір берешекті өндіріп алу үшін сот шығындарын, оның ішінде сот органдарына жүгінуге байланысты сот шығындарын; сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген шығындарды өтеу (төлеу) бойынша берешегінің пайда болуы кірмейді;

20) **Экспорттаушы-** қызметтер/жұмыстар экспортын жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар, егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағиданың мәтіні бойынша жалғыз немесе көпше түрде, бас немесе кіші әріппен жазылғанына қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

2-тарау. Сақтандыру объектісі

6. Сақтандыру объектісі Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген оқиғалардың туындауы нәтижесінде жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кезінде шығынның туындау қаупімен байланысты сақтанушының мүліктік мүддесі болып табылады.

3-тарау. Сақтандыру жағдайлары

7. Осы тарауда санамаланған бір немесе бірнеше сақтандыру оқиғалары басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиғаның туындауы салдарынан туындаған залал сақтандыру жағдайы болып табылады.

8. Саяси сипаттағы Сақтандыру оқиғалары:

1) орындалған жұмыстардың/ көрсетілген қызметтердің нәтижелерін беруге және қабылдауға не экспроприациялау, тәркілеу, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге меншік құқығын шектеу бойынша кедергі келтіретін шетелдік контрагент елінің мемлекеттік

органының әрекеті, орындалған жұмыстың немесе экспорттаушыға меншік құқығында тиесілі көрсетілетін қызметтің нәтижесі;

2) орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің нәтижелерін беруді және қабылдауды шектейтін немесе тыйым салатын қазақстандық жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуді тағайындайтын елдің мемлекеттік органының күтпеген әрекеті;

3) Сақтандырылған Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі соғыс, азаматтық толқу, жаппай сипаттағы тәртіпсіздік;

4) шетелдік контрагент елінің мемлекеттік органының еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлемді аударуды жүзеге асыруды шектейтін немесе оған тыйым салатын және нәтижесінде орындалған жұмыстарды/ көрсетілген қызметтерді қабылдауды шектейтін күтпеген әрекеті.

9. Коммерциялық сипаттағы Сақтандыру оқиғалары:

1) Экспорттаушының орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді тапсыруға дайындығы туралы ресми хабарлама жіберілген күннен бастап келісімде және сақтандыру шартында көзделген мерзімде шетелдік контрагенттің орындалған жұмыстарды/ көрсетілген қызметтерді қабылдаудан негізсіз және уәжделмеген жалтаруы/бас тартуы;

2) шетелдік контрагенттің Келісімшартқа сәйкес қаржылық міндеттемелерін орындамауы;

3) шетелдік контрагенттің банкроттығы;

10. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға төменде аталған барлық белгілерге ие болуы тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

2) оқиғаның нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталуы нәтижесіндегі залалдың мөлшеріне қатысты болжамсыздық;

3) оқиға сөзсіз және объективті түрде келісім мен сақтандыру шартының қолданылуы шегінде, бұл туралы оның тараптары немесе, кем дегенде, Сақтанушы көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған, болуы тиіс деген қауіптің болмауы;

4) оқиғаның басталуында Сақтанушының мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарлар бар;

5) оқиғаның басталуы Сақтанушының ерік білдіруімен және (немесе) ниетімен байланысты емес және пайда табу және (немесе) ұтысты (алыпсатарлық тәуекел) алу мақсатын көздемейді.

4-тарау. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу

11. Егер келісімде өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысы мыналардың нәтижесінде туындаған шығындарды өтемейді:

1) келісім мен сақтандыру шарты жасалғанға дейін туындаған оқиғалардың басталуы;

2) Сақтанушының Сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

3) Сақтанушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен, қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар, сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы сыбайлас жемқорлық әрекеттері деп танылған іс-әрекеттері;

4) Сақтанушы тарапынан оның келісім бойынша да, келісім-шарт бойынша да қабылдаған шарттарын, міндеттемелері мен кепілдіктерін, оның ішінде ол орындайтын жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қойылатын техникалық талаптарды (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің келісімшарт талаптарына сәйкес келмеуі) заңды күшіне енген соттың тиісті шешімімен расталған кез келген бұзушылықтар;

5) сақтанушының Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, оның ішінде сақтандыру төлемі ешбір жағдайда да

қоршаған ортаның ластануын болдырмау, ластануға қарсы күрес немесе қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі қандай да бір шығыстарды қамтымайтынын назарға ала отырып, қоршаған ортаны немесе денсаулықты қорғауға қатысты талаптарын сақтамауы;

6) сақтандыру шартын жасасу күніне немесе оны ұзартудың кейінгі мерзімі күніне сақтанушы келіскен және ол бойынша жауапты болған, салдары шетелдік контрагентті келісімшарт талаптарын орындаудан босату болуы мүмкін шет мемлекеттің мемлекеттік органының іс-әрекеттері;

7) келісім мен сақтандыру шартын жасасу күніне немесе оны ұзартудың кейінгі мерзіміне орын алған шет мемлекеттің мемлекеттік органының әрекеттері;

8) Сақтанушыға келісім мен сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталған күнге дейін немесе келісім мен сақтандыру шартын ұзартудың немесе қайта бастаудың кейінгі мерзімі күніне дейін шетелдік контрагент елінен ақша қаражатын аударуға және айырбастауға шектеулер болған жағдайда;

9) сақтанушының сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы, сондай-ақ сақтанушының келісім мен сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін сақтандырушыдан сақтандыру объектісі туралы, шетелдік контрагент, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы кез келген елеулі фактілерді, мән-жайларды және/немесе талаптарды жасыруы;

10) сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы;

11) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарламау немесе уақтылы хабарламау;

12) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты шетелдік контрагентке өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтанушыға талап ету құқығына өту үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы;

13) сақтанушының мемлекеттік органнан, кепілгерден, үшінші тұлғалардан немесе кез келген басқа мекемеден залалды өтеудің толық мөлшерінде алуы;

14) сақтанушының осы Қғидалардың 5-тарауында көрсетілген қандай да бір кепілдіктерді сақтамауы;

15) экспорттаушының шетелдік контрагентпен үлестес болуы;

16) осы Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген және сақтандыру келісімі мен шартында көрсетілмеген оқиғаларға байланысты емес оқиғалардың басталуы;

17) сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын не келісімде және сақтандыру шартында көзделмеген залалдарды өтеу туралы кез келген талаптар;

18) радиацияның және/немесе радиоактивті зақымданудың, ядролық қаруды пайдаланудың, ядролық жарылыс әсерінің уытты заттарын қолданудың немесе олардың жылыстауының тікелей немесе жанама әсері;

19) мыналарға байланысты туындаған немесе осылармен байланысты кез келген залал немесе шығыстар:

а. кез келген ядролық отыннан немесе кез келген ядролық қалдықтардан ластанудан немесе радиоактивтіліктен немесе ядролық отынды жағу нәтижесінде иондаушы сәулеленулермен;

б. кез келген ядролық қондырғының, реактордың немесе оларды ядролық құрастырудың, сондай-ақ ядролық компоненттің радиоактивті, уытты, жарылыс қаупі бар немесе басқа да қауіпті немесе ластаушы қасиеттерімен;

с. атомдық немесе ядролық реакцияны және/немесе синтезді, сондай-ақ басқа да ұқсас реакцияларды, радиоактивті күш немесе заттарды пайдалана отырып, кез келген әскери қарумен;

д. радиоактивті, уытты, жарылғыш қаупі бар немесе басқа қауіпті немесе ластаушы қасиеттері бар кез келген радиоактивті заттармен байланысты, осы аталғандардың салдарынан туындаған немесе осыларға қатысты Залалдар немесе шығындар. Бұл тармақша ядролық отыннан басқа, егер мұндай изотоптар коммерциялық, ауыл шаруашылығы, медициналық,

ғылыми немесе басқа да осындай бейбіт мақсаттарда дайындалса, тасымалданса, сақталады немесе пайдаланылса, радиоактивті изотоптарға қолданылмайды;

е. кез келген химиялық, биологиялық, биохимиялық немесе электромагниттік қарудың әсері;

ф. жұқпалы аурулардың эпидемиясы / пандемиясынан туындаған төтенше жағдай немесе карантин енгізілуі.

20) мына бес елдің кез-келгені арасындағы соғыс нәтижесінде келтірілген кез-келген шығын: Қытай Халық республикасы, Франция Республикасы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Ресей Федерациясы, Америка Құрама Штаттары.

12. Келісімде сақтандыру жағдайларынан өзге де ерекшеліктер және сақтандырудың өзге де шектеулері көзделуі мүмкін.

13. Егер қандай да бір бөлігінде сақтандыру қорғанысы, сақтандыру төлемі не өзге де қаржылық пайда сақтандырушы үшін не оның органы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің қарарларына сәйкес санкцияларға, тыйымдарға не шектеулерге не Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдарына немесе қаулыларына сәйкес сауда немесе экономикалық санкцияларға әкеп соғатын болса, сақтандырушы сақтандыру қорғанысын бермейді, сондай-ақ сақтандыру төлемін жүзеге асыру не сақтандыру шарты бойынша қандай да бір өзге қаржылық пайда беру бойынша міндеттемелерді орындамайды.

14. Сақтандырушы сақтандыру шартын сақтанушы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен пайдаланады деген күдік болған жағдайда сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру төлемінен немесе сақтандыру сыйлықақысын қайтарудан бас тартуға құқылы.

5-тарау. Кепілдіктер

15. Кепілдіктер:

1) Сақтанушы келісім мен сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына әкелуі мүмкін келісім мен сақтандыру шартын жасасу күніндегі қандай да бір талаптарды, шарттарды немесе оқиғаларды білмейді және Сақтанушы ұсынған барлық ақпарат шынайы және дұрыс болып табылады және ешқандай маңызды ақпарат жасырылмаған;

2) экспорттаушы мен шетелдік контрагент арасындағы барлық келісімшарттар экспорттаушы елдің/шетелдік контрагенттің келісімшартты орындау кезінде сақталуға жататын заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне толық сәйкес жүзеге асырылды;

3) Сақтанушы келісім мен сақтандыру шартының қолданылу мерзімі кезінде барлық жауапкершілікпен және егер ол келісім мен сақтандыру шартын жасаспағандай әрекет етеді және залалды болдырмау, азайту және/немесе өтеу үшін барлық мүмкін шараларды қабылдайды, соның ішінде, бірақ бұлармен шектелмейді:

- сақтандыру төлемін жүзеге асырғанға дейін және / немесе жүзеге асырғаннан кейін ол сақтандырушымен келісім бойынша соңғысына қолжетімді болуы мүмкін барлық мүмкін арналарды, оның ішінде дипломатиялық, заңдық, әкімшілік, бейресми арналарды пайдалануды қамтамасыз етеді;

- валютаны айырбастау және ақша аудару жөнінде шаралар қабылдайды;

- сақтандырушының келісімінсіз кез келген залалға немесе ықтимал шығынға қатысты қандай да бір ымыралы шарттар жасасуға жол бермейді;

- жазбалар мен құжаттарға, сондай-ақ куәларға қол жеткізуді қоса алғанда, сақтандыру оқиғасын тексеруге барынша жәрдемдесуді қамтамасыз етеді;

4) Сақтанушы және/немесе шетелдік контрагент талап етілетін лицензияларды немесе рұқсаттарды алу үшін барлық шараларды қабылдайды немесе қабылдайды және егер

жоғарыда аталған лицензияларды немесе рұқсаттарды алу міндетті болып табылса, сақтандыру шарттың қолданылу мерзімі ішінде кез келген жаңа лицензиялық немесе рұқсат беру талаптарын сақтау үшін осындай лицензияларды немесе рұқсаттарды алу, ұзарту, жаңарту немесе түзету үшін барлық шараларды уақтылы қабылдайтын және барлық құжаттарды ұсынатын болады;

5) Сақтанушы Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес әрекет етеді және (немесе) әрекет етуді жалғастырады;

6) Сақтанушы келісімшартта, сондай-ақ келісімшартта және сақтандыру шартында елеулі өзгерістерге әкеп соғуы мүмкін Сақтандырушының алдын ала ескертуінсіз және келісімінсіз қандай да бір іс-қимылды қабылдамайды;

7) орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің бағасын/сапасын айқындау кезінде дау туындаған жағдайда сақтандырушымен келісім бойынша осындай орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді бағалау бойынша қажетті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшыны айқындау қажет. Бұл шығыстар осындай сараптамаға бастамашылық жасаған тараптың шығыстарына жатады.

16. Сақтанушы құпиялылықтың сақталуына кепілдік береді, яғни ол сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір үшінші Тарапқа, оның ішінде шетелдік контрагентке қандай да бір уақытта келісім мен сақтандыру шартының болу фактісін ашпайды.

17. Келісімде қосымша кепілдіктер мен шарттар көзделуі мүмкін.

6-тарау. Келісім, сақтандыру шартын жасасу тәртібі

18. Сақтанушының Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша өтініші және оған қоса берілетін құжаттар келісім жасасу үшін негіз болып табылады.

19. Жасалған келісім бірінші сақтандыру шартын жасасу үшін негіздеме болып табылады. Барлық кейінгі сақтандыру шарттары Сақтанушының алдыңғы сақтандыру шарты бойынша жұмыстардың орындалуын/қызметтер көрсетуді растайтын құжаттарды (орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі, шот-фактура) қоса бере отырып, хатын ұсынғаннан кейін жасалады.

20. Келісімде мыналар болуы керек:

1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;

2) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол көрсетілсе куәландыратын құжатта болған жағдайда) және тұрғылықты жері сақтанушының (егер ол жеке тұлға болып табылса) немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса);

3) сақтандыру объектісін көрсету;

4) сақтандыру жағдайын көрсету;

5) сақтандыру лимиті, сақтандыру тарифі, шартсыз шегерім мөлшері;

6) сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;

7) келісімнің нөмірі, сериясы, жасалған күні және қолданылу мерзімі;

8) келісімшарттың нөмірі мен күні;

9) келісім шарттарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;

10) Сақтанушының, егер бұл өзгерістер Келісім мен сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға келісім мен сақтандыру шартын жасасу кезінде хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті;

11) сақтанушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;

12) сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;

13) сақтандыру мүддесінің болуы;

- 14) шартсыз франшиза туралы талап.
21. Сақтандыру шартында мыналар қамтылуы тиіс:
- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
 - 2) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол көрсетілсе куәландыратын құжатта болған жағдайда) және тұрғылықты жері сақтанушының (егер ол жеке тұлға болып табылса) немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса);
 - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 4) сақтандыру аумағы;
 - 5) келісімшарттың нөмірі мен күні;
 - 6) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
 - 7) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері;
 - 8) сақтандыру шартының нөмірі, сериясы, жасалған күні және қолданылу мерзімі;
 - 9) сақтандыру сомасы валютасының, сақтандыру сыйлықақысының түрі;
 - 10) сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
 - 11) егер ол сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болып табылмаса, сақтандырылған адам (пайда алушы) сақтандыру шартында көрсетілген жағдайда сақтандырылған адамның (пайда алушының) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
 - 12) сақтандыру мүддесінің болуы.
22. Сақтанушы сақтандырушының жазбаша сұрауларына жауаптарды қоса алғанда, сақтандыру келісімі мен шартын жасасу үшін ұсынылған деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауап береді.
23. Барлық хат-хабарлар мен іскерлік хат алмасу Сақтандырушының info@kazakhexport.kz. ресми электронды адресіне хат және құжаттар жолдау арқылы жүзеге асырылады.
24. Сақтандыру келісімдері мен шарттары Тараптар арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда жасала алады.
25. Сақтанушы келісімді және сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтініші негізінде келісімнің және сақтандыру шартының телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған келісім мен сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

7-тарау. Келісім мен сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

26. Сақтандыру келісімі мен шарты, егер сақтандыру келісімі мен шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны бөліп төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасы түскен сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
27. Келісім мен сақтандыру шарты осы Қағидалардың 16-тарауына сәйкес өз қолданысын тоқтатады.
28. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартында көрсетіледі.
29. Келісімнің қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек келісімде көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

8-тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

30. Сақтандыру сомасының мөлшерін анықтау үшін сақтандырушы сақтандыру лимитін белгілейді.

31. Сақтандыру сомасы нақты орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің сомасын негізге ала отырып, сақтандыру шартымен айқындалады және сақтандыру шартын жасасу күніндегі бағам бойынша теңгемен сақтандыру шартында көрсетіледі, бірақ келісімде белгіленген сақтандыру лимитінің мөлшерінен аспайды.

32. Сақтандыру лимиті қолданыстағы экспорттық жөнелтілімдерге (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) қатысты жаңартылатын негізде белгіленеді.

33. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде белгілі бір күндегі жағдай бойынша сақтандырылған барлық экспорттық жөнелтілімдердің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сомасы келісімде белгіленген сақтандыру лимитінің мөлшерінен аспауға тиіс.

34. Жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы сақтандыру лимитінен аспауға тиіс.

9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы

35. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандырушы әзірлеген сақтандыру сомасына қолданылатын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

36. Сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы біржолғы түрде төлеуге тиіс және қолма-қол ақшасыз нысанда төлеуге жатады.

37. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу жолымен сақтандыру сомасы өзгерген кезде түзетілуі мүмкін.

38. Шартты мерзімінен бұрын бұзуды қоса алғанда, белгіленген мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлемеудің салдары келісіммен айқындалуы мүмкін.

39. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлегенге дейін сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

40. Сақтандыру сыйлықақысы мерзімі өткен сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде сақтандыру сыйлықақысы төленбеген жағдайда сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады, бұл туралы сақтандырушы сақтанушыға хабарлайды.

41. Сақтандыру сыйлықақысы уақтылы төленбеген жағдайда сақтандырушы сақтанушыдан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

42. Сақтанушының мынадай құқықтары бар:

1) Сақтандырушыдан Сақтандыру талаптарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) келісім және / немесе сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алу;

3) шығын мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы қызметтерін пайдалануға;

4) сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған шығын мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысу;

5) осы Қағидалардың 16-тарауына сәйкес сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

6) қолданыстағы сақтандыру шарттары болмаған және сақтандырушыны Келісімнің қолданысы тоқтатылған күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар еткен жағдайда жасалған келісімнен бас тарту;

7) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен дау айтуға;

8) келісімде және сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы.

43. Сақтанушы міндетті:

1) Сақтанушының жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету жөніндегі келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанын растайтын құжаттардың көшірмелерін (орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі, шот-фактура) әрбір жұмыс орындалған немесе әрбір қызмет көрсетілген сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде ұсыну;

2) келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету басталғанға дейін өзіңізде және (немесе) шетелдік контрагентте барлық талап етілетін лицензиялар мен рұқсаттардың болуын қамтамасыз ету;

3) келісімшарт тараптарының өзгеруіне қатысты келісімшарт талаптарының өзгеруін, келісімшарттың нысанын, төлеу мерзімдерін және қолданылу мерзімдерін сақтандырушымен жазбаша келісу;

4) осы Қағидалардың 5-тарауында және келісімде көрсетілген барлық шарттарға мүлтіксіз кепілдік беру және оларды орындау;

5) сақтандыру сыйлықақыларын сақтандыру келісімі мен шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлеу;

6) сақтандырушыға сақтандыру келісім мен сақтандыру шартын жасасқанға дейін де, олардың қолданылу кезеңінде де сақтандыру жағдайының туындауына елеулі әсер етуі мүмкін, шетелдік контрагенттен төлемді қосымша кейінге қалдыру туралы, шетелдік контрагент тарапынан кешіктірулерге жол беру туралы ақпараттың болуы туралы кез келген нысанда хабарламалар алу, шетелдік контрагент тартылған сот процестері туралы, сондай-ақ сақтандыру тәуекелін айқындау үшін маңызы бар өзге де оқиғаларды, шарттар мен мән-жайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, ақпарат алу сияқты оған белгілі сақтандыру тәуекелінің жай-күйі, мән-жайлары мен шарттары туралы хабарлау;

7) егер бұл өзгерістер сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру шартын және сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлау;

8) сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы оған белгілі болғаннан кейін, егер келісімде өзгеше мерзім белгіленбесе, сақтандырушыға оның басталғаны туралы дереу хабарлауға міндетті;

9) шетелдік контрагенттен тиесілі төлемді келісімшартта белгіленген мерзімде алмаған жағдайда, тиісті төлем күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде сақтандырушыны жазбаша хабардар етуге міндетті;

10) сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайтуға шаралар қабылдауға;

11) шартсыз франшиза мөлшерінде сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан туындауы мүмкін залал сомасына қатысу және сақтандыру объектісі құнының сақтандыру қорғауымен жабылмайтын бөлігін сақтандырмау не бермеуі;

12) сақтандырушыға сақтандыру келісімі мен шартын жасасу және орындау үшін қажетті барлық мәліметтерді ұсынуға;

13) оның ішінде Сақтандырушының нұсқауларына сәйкес сақтандыру оқиғасының басталуын болдырмау және сақтандыру оқиғасы болған кезде залалдың мөлшерін азайту бойынша, сондай-ақ залалдың орнын толтыру бойынша барлық шараларды жүргізуге;

14) Сақтанушы әрдайым келісім мен сақтандыру шартымен қорғалмағандай әрекет етуге міндетті;

15) шетелдік контрагент келісімшарт бойынша тиесілі төлемді мерзімінде төлемеген

және сақтанушыда келісімшарт бойынша одан әрі міндеттемелері болған кезде өз міндеттемелерін орындауды сақтандырушымен жазбаша келіскенге дейін тоқтата тұруға міндетті. Әйтпесе, сақтандырушы сақтандыру оқиғасы басталғаннан кейін орындалған сақтанушының міндеттемелері бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады;

16) 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы хабарлағаннан кейін келісімшарт бойынша төлем алынғаны туралы жазбаша хабарлауға міндетті;

17) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталғаннан кейін Сақтандырушының келісімінсіз Шетелдік контрагентпен қандай да бір келісімдер жасауды жүзеге асырмауға;

18) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығын сақтандырушыға көшуді қамтамасыз ету (суброгация);

19) сақтандырушының жазбаша алдын ала келісімінсіз шетелдік контрагентке және өзге де үшінші тұлғаларға келісімнің және сақтандыру шартының болу фактісін жария етпеу;

20) осы Қағидалардың 8-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген сақтандыру оқиғасы орын алған кезде шетелдік контрагентке оны одан әрі сақтанушыға аудару үшін арнайы банк шотына келісімшарт бойынша жеке тиесілі төлемді орналастыруға нұсқау беруге міндетті.

21) тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуге мүдделі болуы тиіс.

22) осы Қағидалардың 91-тармағында көрсетілген негіздер бойынша сақтандыру келісімі мен шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде-сақтандыру шартын бұзу туралы келісімге қол қою;

23) келісімнің және сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30-күнінен кешіктірмей сақтандырушыға жазбаша түрде, оның ішінде мынадай ақпаратты info@kazakhexport.kz электронды адресіне жолдауды қамтамасыз ету:

- сақтанушының есепті тоқсандағы экспорттық түсімінің көлемі заттай мәнде;
- сақтанушының есепті тоқсандағы ақшалай түрдегі түсімінің сомасы;
- Сақтанушының есепті тоқсандағы экспорттық түсімінің сомасы, ақшалай түрде;
- сақтанушының есепті тоқсанда өндірген өнімінің/орындалған жұмыстарының/көрсеткен қызметтерінің көлемі заттай мәнде;
- сақтанушының есепті тоқсандағы жұмыс орындарының саны;
- есепті тоқсанда сақтанушы құрған жаңа жұмыс орындарының саны;
- Сақтанушы есепті тоқсанда ақшалай түрде төлеген салықтардың сомасы.

24) ұсынылған қолдау көлемінен кем емес сомаға ақшалай мәнде өнімнің (немесе жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) экспортын жүзеге асыру.

44. Сақтандырушының мынадай құқықтары бар:

1) коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын және сақтандыру келісімі мен шартына тікелей қатысы жоқ мәліметтерден басқа, сақтанушыдан сақтандыру келісімі мен шартын жасасу және орындау үшін қажетті мәліметтерді ұсынуды талап етуге;

2) шет мемлекеттің тиісті мемлекеттік органдарынан сақтандыру жағдайының басталу фактісін және залал мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

3) орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің құнын айқындау және (немесе) сақтандыру жағдайы басталған кезде залалдың мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшының немесе бағалаушының қызметтерін пайдалануға;

4) сақтанушыдан мерзімі өткен төлем туралы хабарлама алғаннан кейін шығынды азайту және берешекті өндіріп алу жөніндегі іс - шараларға қатысуға;

5) осы Қағидалардың 4-тарауында көзделген негіздер бойынша Сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға;

6) көрінеу жалған ақпарат берген немесе алынған төлем туралы хабарламаған жағдайда

сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе төленген соманы талап етуге;

7) егер сақтанушы көрсетілген қызметтерді/орындалған жұмыстарды және т. б. тапсыру-қабылдау актісіне шетелдік контрагент қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орындалған жұмыстар актілерін ұсынбаса, сақтандыру қорғауын ұсынуудан және сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға;

8) сақтандыру тәуекелінің деңгейіне әсер ететін теріс факторлар туралы ақпарат анықталған жағдайда сақтанушыға сақтандыру шарттарын жасасудан бас тартуға;

9) келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту кезінде сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру тарифін сақтандыру лимитінің сомасын өзгертуге;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы.

45. Сақтандырушы:

1) сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстыру және оның талабы бойынша осы Қағидалардың көшірмесін ұсынуға (жіберуге) ;

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде келісімде және тиісті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Сақтанушы оны жоғалтқан жағдайда сақтандыру келісімінің және (немесе) шартының телнұсқасын беруге міндетті, одан кейін жоғалған келісім және (немесе) сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді;

5) егер мұндай шығыстар сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе жүргізілсе және тиісті шаралар сәтсіз болса да сақтандырушымен келісілген болса, сақтанушыға залалдардың алдын алу немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеуге;

6) сақтанушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде хабардар етуге міндетті.

46. Келісімде және сақтандыру шартында тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

11-тарау. Келісім мен сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары

47. Келісім мен сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы дереу, бірақ ол өзіне белгілі болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей егер бұл өзгерістер Сақтанушының қандай да бір әрекеттерінің нәтижесінде туындаса және сақтандыру оқиғасының туындау тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға сақтандыру келісімі мен шартын жасасу кезінде хабарланған шарттар мен мән-жайлардың өзгергені туралы сақтандырушыға жазбаша хабарлау.

48. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы сақтандыру келісімінің және/немесе шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

49. Егер сақтанушы сақтандыру келісімінің және/немесе шартының немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеудің талаптарын өзгертуге қарсылық білдірсе, сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру келісімі мен шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі келісімде белгіленеді.

50. Сақтанушы осы Қағидалардың 47-тармағында көрсетілген шартты сақтамаған жағдайда сақтандырушы сақтандыру келісімін және/немесе шартын бұзуды және оны бұзудан

келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына пропорционалды түрде азайтуға құқылы.

51. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылса, Сақтандырушының сақтандыру келісімін және/немесе шартын бұзуды талап етуге құқығы жоқ.

52. Бұдан басқа, егер сақтандыру келісімінде және/немесе шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы сақтандырушыға тәуекелді арттыруы мүмкін барлық өзге жағдайлар туралы, атап айтқанда, мыналар туралы барлық қолжетімді құралдармен немесе ресми хатпен хабарлауға міндетті:

1) шетелдік контрагенттің қаржылық жағдайындағы қолайсыз өзгерістерге, төлемдердің сипатына және шетелдік контрагенттің басқару органдарындағы елеулі өзгерістерге қатысты ақпаратты;

2) төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауының елеулі түрдегі нашарлауын;

3) осы шетелдік контрагенттің төлем қабілеттілігінің нашарлауы себебінен шетелдік контрагенттің атына басқа өнім берушілердің жұмыстарды орындауын/қызметтер көрсетуін тоқтата тұру туралы;

4) төлемдердің кешігуіне және (немесе) осы мәселе бойынша қабылданатын іс-қимылдарға, сондай-ақ сақтанушы мен шетелдік контрагент арасында туындайтын кез келген талап-арыздар мен дауларға байланысты шетелдік контрагентке қатысты талап-арыздардың берілгені туралы хабарлауға міндетті.

12-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының іс-әрекеті

53. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу сақтанушыға жүктеледі.

54. Егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін және (немесе) сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін ұлғайтатын, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру келісімі мен шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы мыналарды орындауы тиіс:

1) ықтимал залалдарды болдырмау немесе азайту үшін барлық шараларды қабылдауы;

2) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды алу үшін барлық шараларды қабылдау;

3) сақтандыру жағдайы туралы білген сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде осы оқиға туралы сақтандырушыға жөнелту күнін айқындауға мүмкіндік беретін тәсілмен оған оқиғаның мән-жайы, залалдың түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлау, сақтандырушымен одан әрі іс-қимылдарды келісу;

4) сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы; Осы Қағидалардың 8-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген коммерциялық сипаттағы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының сақтандыру төлемі туралы шешім орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдаудан негізсіз және дәлелсіз жалтаруды/бас тартуды растайтын/жоққа шығаратын заңды күшіне енген соттың тиісті шешімімен ғана қабылданады;

5) Сақтандырушыға Залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеу жүргізуге, шығынды азайту жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруі тиіс.

6) төлемнің қосымша мерзімін ұзарту туралы ақпарат келіп түскен күннен бастап тиеп-жөнелтуді/жеткізуді тоқтату жолымен жалпы берешектің (мерзімі өткен және мерзімі өтпеген) өсуіне жол бермеу, шетелдік контрагент тарапынан кешіктіруге жол беру туралы ақпараттың болуы, шетелдік контрагент тартылған сот процестері туралы ақпарат алу, сондай-ақ Сақтандыру тәуекелін айқындау үшін маңызы бар өзге де оқиғаларды, шарттар мен мән-

жайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, барлық шараларды қабылдау.

55. Сақтандырушы не оның өкілі сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламасын күтпей, сақтандыру оқиғасын тергеуге кірісуге құқылы. Сақтанушының бұған кедергі жасауға құқығы жоқ.

56. Сақтанушы Сақтандыру жағдайы бойынша одан әрі барлық ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге тиіс.

13-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

57. Сақтандыру төлемін сақтандырушы сақтанушының сақтандыру төлемі туралы өтініші және сақтандыру жағдайы туралы акті негізінде жүргізеді.

58. Сақтандыру жағдайы туралы актіні Сақтандырушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасайды. Егер Сақтандыру жағдайы туралы өтінішті тексеру кезінде сақтанушыға зиян келтіру сақтандыру жағдайының нәтижесінде болмағандығы анықталса немесе хабарламалардың уақтылы болмауына байланысты Сақтанушыда туындаған Залалдың себебін және/немесе осы залалдың мөлшерін анықтау мүмкін болмаса, сақтандыру жағдайы туралы акт жасалмайды. Бұл жағдайда Сақтандырушы ерікті нысандағы құжат жасайды, онда сақтандыру жағдайы туралы актінің жасалмау себептері көрсетіледі.

59. Нәтижесінде Залал келтірілген Сақтандыру жағдайының туындау фактісі мен себебі Сақтанушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға ұсынатын мынадай құжаттармен расталуға тиіс:

- 1) сақтанушы еркін нысанда жасаған сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
- 2) сақтандыру шарты;
- 3) өтініш берушінің жеке куәлігі (егер өтініш беруші жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға болса);
- 4) сақтандыру оқиғасының басталу фактісін растайтын мемлекеттік органдардың құжаттары мен нормативтік құқықтық актілері, егер оларды қандай да бір жолмен алуға болатын болса, немесе сақтандыру оқиғасының басталу фактісін растайтын кез келген ресми және ресми емес көздерден (бұқаралық ақпарат құралдарын және интернетті қоса алғанда) алынған кез келген басқа ақпарат немесе куәліктер;
- 5) сақтанушы жүргізген шығын мөлшерінің есебі;
- 6) шетелдік контрагенттің орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюдан жазбаша түрде жалтаруы/бас тартуы, оған келісімшарт тараптарының күні, атауы, орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісін қабылдау және (немесе) оған қол қою процесінде анықталған орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер сәйкессіздіктер (бар болса);
- 7) осы Қағидалардың 9-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген коммерциялық сипаттағы сақтандыру жағдайы басталған кезде соттың шешімі;
- 8) сақтанушы мен шетелдік контрагент арасындағы барлық іскерлік хат-хабарлар, соның ішінде электрондық пошта арқылы;
- 9) келтірілген залал мөлшерін растайтын өзге де құжаттар мен мәліметтер.

60. Қажет болған жағдайда сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі келісім-шарттың талаптарына байланысты келісімде толықтырылуы мүмкін.

61. Сақтандырушы сақтанушыдан сақтандыру жағдайы мен шығын мөлшерін растайтын құжаттардың көшірмелерімен салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуды талап етуге құқылы.

14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

62. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталуы туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ Қағидалардың 13-тарауында көрсетілген құжаттар ұсынылғаннан кейін сақтандырушы келісімде айқындалған мерзім ішінде мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

1) сақтандыру жағдайының белгілері бар сақтандыру оқиғасының басталу фактісі мен себептерін белгілейді;

2) сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің шындыққа сәйкестігін тексереді;

3) сақтандыру объектісін сақтауда сақтанушының мүддесінің болуын тексереді; сарапшыларды, бағалаушыларды тарту қажеттілігін айқындайды;

4) күту кезеңі ішінде сақтанушымен бірлесіп немесе егер мүмкін болса, залалды азайту бойынша дербес шаралар қабылдайды;

5) сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

63. Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтанушының сақтандыру төлемі туралы жазбаша өтініші, Сақтанушы ұсынған осы Қағидалардың 13-тарауында көрсетілген құжаттар негізінде жүргізеді.

64. Сақтандыру төлемін сақтандырушы шартсыз франшизаны шегергендегі сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде сақтанушының шеккен шығыны мөлшерінде сақтандыру сомасы шегінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізеді. Сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемі = Залал -Шартсыз франшиза. Шығынды және шартсыз франшизаны теңгемен есептеу кезінде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы қолданылады.

65. Шартсыз франшизаны ұстап қалу тәртібі келісіммен айқындалады.

66. Залалдың мөлшері сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы хабарлама алған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімшарт валютасына ресми бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында айқындалады.

67. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанға дейін сақтанушы сақтандырушымен талап ету құқығын сақтандырушыға беру туралы шетелдік контрагенттің жазбаша хабарламасымен төленетін сақтандыру төлемі мөлшерінде талап ету құқығын беру туралы шарт жасасуға тиіс.

68. Егер Сақтанушы үшінші тұлғалардан келтірілген Залал бойынша өтем алған болса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін шеккен шығын мөлшері мен Шартсыз франшизаны ескере отырып, Сақтанушы алған өтемнің арасындағы айырма мөлшерінде жүзеге асырады.

69. Үшінші тұлғалардан келтірілген залал бойынша төлем немесе өтем алған сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру төлемінің артық алынған сомасын қайтаруға міндетті.

70. Залалдың себептері мен мөлшері туралы тараптар арасында даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

71. Сақтандырушы Сақтанушының ықтимал шығындарды азайту үшін қасақана ақылға қонымды және оған қол жетімді шаралар қабылдамауы салдарынан туындаған залалдар бөлігінде Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

72. Сақтанушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығындарын, егер тиісті шаралар сәтсіз болып табылса да, бірақ сақтандырушымен алдын ала келісілген және құжатталған болса да, мұндай шығыстар қажет болған немесе жүргізілген болса, сақтандырушы өтеуге тиіс. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде, алайда сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспайтындай етіп өтеледі.

73. Сақтандырушы күту кезеңі өткеннен кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды алғаннан кейін сақтандыру төлемі

туралы шешім қабылдайды. Егер сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін жазбаша түрде негізді түрде уәждейді.

74. Сақтандыру төлемі сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

75. Күту кезеңі сақтандыру шартында көрсетіледі және 120 (жүз жиырма) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

76. Сақтандырушы, егер құқық қорғау органдары Сақтанушыға немесе ол уәкілеттік берген адамдарға қатысты қылмыстық іс қозғаған және ол бойынша, егер осы мән-жайлар сақтандыру жағдайының басталуына байланысты болса, Сақтанушының қылмыс жасауға қатысуы дәлелденбеген, Сақтанушыға ақтау үкімін шығарған кезде анықтау немесе алдын ала тергеу сатысында қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін мән-жайларға тексеру жүргізілген жағдайда ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасына сәйкес Сақтанушының іс-әрекеттерінде құқыққа қайшы болмауын көрсететін басқа да жағдайлар туындағанға дейін, егер аталған іс-әрекеттер сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соққан мән-жайлармен байланысты болса, сақтандыру төлемін жүзеге асыруды кейінге қалдыра алады. Сақтандыру төлемін кейінге қалдыру апелляциялық сатыдағы соттардың, жоғары тұрған сатылардағы сот актілерін төмен тұрған сатыдағы соттардың қайта қарауы кезінде де болады.

77. Сақтандырушының, егер сақтандыру жағдайын немесе залал мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына дәлелді күмән болған жағдайда, осындай құжаттардың түпнұсқалылығы расталғанға дейін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқығы бар.

78. Сақтанушыға сақтандыру төлемі сақтандыру сомасы шегінде, оның ішінде сақтандыру сомасы толық төленгенге дейін бір немесе бірнеше рет жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте сақтандыру қорғанысы сақтандыру шартында белгіленген мерзім шегінде қолданылады.

79. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды және егер сақтанушы осы Қағидалардың 13-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімі тоқтатылады.

80. Сақтанушы келісімде көрсетілген ерекше шарттарды орындамаған жағдайда сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

81. Залал себептерін қисынды түрде анықтау мүмкін болмаған жағдайда бұл залал коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғасының салдарынан туындаған ретінде қаралады.

15-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

82. Сақтандырушы сақтанушыдан сақтандыру жағдайы туралы хабарлама алған сәттен бастап күту кезеңін мынадай тәртіппен белгілейді:

- 1) банкроттық орын алған кезде-қолданылмайды;
- 2) банкроттықтан басқа, коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғасы басталған кезде-күнтізбелік 30 (отыз) күн;
- 3) саяси сипаттағы сақтандыру оқиғасы басталған кезде-күнтізбелік 30 (отыз) күн.

83. Егер сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қабылданған шешімді сақтанушыға жазбаша түрде жібере отырып, бас тарту себебін негізді түрде уәждейді.

84. Сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру төлемі туралы шешімді күту кезеңі өткен және осы Қағидалардың 57-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

85. Сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде не тараптардың келісімімен

айқындалған мерзімде жүзеге асырады.

86. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жауапты болады.

87. Сақтандырушының Сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы сотқа шағым жасай алады.

88. Егер Шетелдік контрагент елінің немесе Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары Сақтанушының қызметіне байланысты қылмыстық іс қозғаса, Сақтандырушының кідірту себептері туралы Сақтанушыны жазбаша хабардар ете отырып, тергеу немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімін кейінге қалдыруға құқығы бар.

89. Сақтандырушы Сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдауды, егер онда Сақтандыру жағдайын немесе залал мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығы расталғанға дейін оның дәлелді күмәндары (құжатпен негізделген) болған жағдайда, мұндай құжаттардың түпнұсқалығы расталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы.

16-тарау. Келісім мен сақтандыру шартын тоқтату шарттары

90. Сақтандыру шарттарының қолданылуын тоқтату келісімнің тоқтатылуына әкеп соқпайды.

91. Тараптардың сақтандыру шартының тараптарының жеке келісімін жасасу жолымен сақтандыру шартының қалған қатысушыларының келісімімен сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар.

92. Келісім мен сақтандыру шарты мынадай жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру объектісі жоқ болғанда;
- 2) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылды және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге жағдайлар бойынша тоқтатылғанда;
- 3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
- 4) сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімі өткен сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде сақтандыру сыйлықақысын төлемей;
- 5) заңнамада көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

93. Келісім мен сақтандыру шарты Қағидалардың 92-тармағында көзделген кез келген мән-жай туындаған кезден бастап, келісім мен сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге тиіс.

94. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын толық қайтаруға міндетті.

17-тарау. Суброгация

95. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға Сақтанушының Сақтандыру нәтижесінде өтелген Залалдар үшін жауапты тұлғаға төленген сома шегінде талап ету құқығы ауысады.

96. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде сақтандырушыға қолында бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді дереу беруге және сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді оған хабарлауға міндетті.

97. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған залалды өтеу бойынша залалдарға жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған өтем сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандырушыға тиесілі болады. Сақтанушы алынған өтемдер туралы сақтандырушыға дереу хабарлауға және оларды алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде сақтандырушыға беруге міндетті.

98. Егер сақтанушы сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру сақтанушының кінәсінен мүмкін болмаса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

18-тарау. Қосымша шарттар

99. Тараптардың келісімі бойынша, осы Қағидаларға сәйкес жасалатын келісім мен сақтандыру шартына, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмесе, қосымша талаптар енгізілуі мүмкін.

19-тарау. Дауларды шешу тәртібі

100. Сақтандырушы мен сақтанушы арасында туындайтын келісім мен сақтандыру шарттары бойынша дауларды тараптар келіссөздер жолымен қарайды.

101. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.